



# «Зерттеп үйрен» жобасы

## Зерттеу тақырыбы: Сабақта оқу мақсатына сай тапсырмалардың орындалуы

Зерттеу мақсаты: Тиімді тапсырмалар арқылы  
оқу мақсатына жету



10 «б» сынып



Мерзімі: 2025. қаңтар - ақпан

# 10 «б» сынып білім сапасы



## Сынып

II тоқсан 75%

III тоқсан 88%



## Қазақстан тарихы

II тоқсан-100%

III тоқсан-баға

шықпайды



## Алгебра

II тоқсан-100%

III тоқсан-88%



## Информатика

II тоқсан-75%

III тоқсан -100%



# LS сізге не берді?

**Оқытудың тиімділігін арттыру-** сабақты мұқият жоспарлау және әріптестерімен бірге талдау арқылы өзімнің оқыту әдістерімді жақсарттым.

**Кәсіби дамуға ықпал етеді-** Фокус тобындағы мұғалімдер бір-бірімізден үйреніп, жаңа әдістерді меңгердік.

Оқушылардың білімін терең түсіну- сабақ барысында олардың қалай үйренетінін бақылап, қай әдістер жақсы нәтиже беретінін анықтай алдық.

**Командалық жұмыс пен ынтымақтастық** – Әріптестерімізбен бірге жұмыс істей отырып, ортақ мақсатқа жетуді мақсат еттік.

**Рефлексия жасау дағдысы-** Өткізген өз сабағымды бағалап, оны жетілдіру үшін кері байланыс алуға мүмкіндік береді.





# LS барысындағы қиындықтар



1

Уақыт  
тапшылығы

Мұғалімдерге сабақты жоспарлау, талдау және бақылау үшін қосымша уақыт қажет, ал күнделікті жұмыс кестесінің тығыз болуы

2

Әріптестермен  
келісімге келу

Сабақты бірлесе жоспарлау кезінде түрлі пікірлер мен әдістемелік көзқарас арасында келіспеушілік болуы мүмкін, пәннің ерекшеліктеріне байланысты.

3

Ресурстар  
жеткіліксіздігі

Қажетті материалдар, интернетке қосылу мен интерактивті тақталардың қосылмай қалуы.

4

Жаңа әдісті  
қабылдау

Кейбір қолданбаған, әрістертер ұсынған әдіс-тәсілдерді түсініп, тәжірибеде қиналу, бұл әдістің сәтті шығатына сенімсіздікпен қарау.



# Сабақтарыңызда оқу мақсатына сай қандай тапсырмалар орындалды?



Қазақстан тарихы: Сабақ мақсатына сай түрлі деңгейлі тапсырмалар жасақталды. Сәйкестендіру, термин сөздермен жұмыс, хронологиялық кесте, серпілген сауал, суырма билет, ақиқат/жалған, кескін картамен жұмыс, кесте құру, топтастыру мен свот талдау арқылы жүзеге асты. Жаңа технологиялар learning apps, wordwall, quizez, google forms арқылы бекіту тапсырмалары мен кері байланыстар жасалынып, өз нәтежесін бере отырып, сабақ мақсатына жетті.

Алгебра: Үшінші дәрежелі көпмүше үшін жалпыланған Виет теоремасы.

- А) Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында сөзжұмбақ.
- Б) Берілген көпмүшенің коэффициенттері арқылы кестедегі бос орындарды толтыру.
- С) WORD wall платформасында сәйкестендіру тапсырмалары.

Информатика:

Болашақ ҰБТ тапсырушы болғандықтан тест және сәйкестендіру тапсырмалары болды және оқушылардың таңдап отырған бағыттарына қарай тапсырмаларды химия және биология пәндеріне байланыстыра отырып құрастырылды.







## L.S. зерттеу сабағының тиімділігі

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытты.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударды.
- Lesson Study әдісі оқушылардың өз сөздерімен жаңа идеялар мен ақпаратты қаншалықты білдіретінін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар оқушылар арасында идеялармен алмасып, өз ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік берді.
- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- Оқушылардың сабақ үстінде ашылуына да пайдасы болды деп ойлаймын. Өздерін еркін ұстап, сабақта белсенділік танытты